

5- дәріс.

Басылымның шығу және шығару мәліметтері

ҚР СТ 2383-2013 Басылым. Шығу мәліметтері. Жалпы талаптары және рәсімдеу ережелері.

Кітап басылымының титул парақтың сыртқы бетінде шығарылым мағлұматтарын орналастыру

Кез келген кітап басылымының титул беті шығарылым деректері орналастырылғандықтан кітап туралы бірінші мәлімет беретін дерек көзі. Титул беттен оқырман кітап туралы бірінші мәліметті алады, сол сияқты кітапханаларда библиографиялық тіркеу, іздестіру, каталогтарға орналастыру жұмыстары жүргізіледі. Сол себептен, бұл тарауда кітаптың шығарылым мағлұматтарына толығырақ тоқталамыз.

Әр кітап басылымы шығарылым мағлұматтарын дұрыс орналастырудан басталуы керек. ҚР СТ 2383-2013 Басылым. Шығу мәліметтері. Жалпы талаптары және рәсімдеу ережелері стандартында кітаптың титул бетінде, колонтитулында, біріктірілген титул бетте, титул беттің сыртында, соңғы титул бетте орналастырылатын шығарылым мағлұматтарының реті, олардың орындары мен орналастыру тәртібі келтірілген.

Кітап басылымының титул бетіне қойылатын негізгі шығарылым мәліметтеріне мыналар жатады:

- тақырып үстінде берілетін деректер (надзаголовочные данные);
- автордың (қосымша авторлардың) аты-жөні;
- кітаптың тақырыбы;
- кіші тақырыпша деректері (подзаголовочные данные);
- шығу деректері.

Титул парақтың сыртқы бетінде төмендегі шығарылым мағлұматтарын келтіріледі:

- Әмбебап ондық жіктеуі (ӨОЖ) (УДК);
- Кітапхана-библиография жіктеуі (КБЖ) (ББК);
- авторлық белгі;
- серия туралы титул бетте келтірілмеген мәліметтер;
- көп томды басылымның шығарыла басталуы туралы мәліметтер;
- егер титул бетте көрсетілмесе, оқулықтар мен оқу құралдарының бекітілу немесе ұсынылуы туралы мәліметтер;
- егер титул бетте көрсетілмесе, қосымша авторлар (олардың төрт және одан көп болса), кітапты дайындауға қатысқан басқа авторлар туралы мәліметтер;
- басылым туралы басқа да мәліметтер (мысалы, пікір білдірушілер, көмек берушілер, көрме ұйымдастырушылар, туралы мәліметтермен қоса алғыс білдірген жазбалар т. с. с.);
- оқырмандардың жас ерекшеліктері туралы мәліметтер;
- басқа басылымнан көшірілген болса, ол басылым туралы мәліметтер;
- аннотациялы кәртішке макеті;
- шығару деректері және шығару деректері алдындағы мәліметтер (егер олар титул парақтың соңғы бөлігінде көрсетілмесе);
- ISBN;
- Авторлық құқықты қорғау белгісі.

Баспагерлер басылым стандарттарының талаптарын сақтау үшін көрсетілген ретті сақтау керек. Титул бет болмаған жағдайда, жоғарыда келтірілген шығарылым мағлұматтары тыстаманың екінші, үшінші және төртінші беттерінде немесе соңғы титул бетте көрсетіледі.

Әдебиеттер тізмі

1. Мұқатаева Қ. Баспа ісіндегі стандарттар : оқу құралы – Алматы : Қазақ университеті, 2012- 210 б.
2. Майлықұтова М.Ж. Баспа басылымдарының стандарттары: оқу құралы.- Алматы : Қазақ университеті, 2012
3. ҚР СТ 2383-2013 Басылым. Шығу мәліметтері. Жалпы талаптары және рәсімдеу ережелері.

Интернет:

1. Lib.kazsu.kz./Books/bk023/
2. [Http://www.newsland.ru](http://www.newsland.ru)
3. www.kazakhstanlive.ru
4. <http://www.bookchamber.ru/standards.htm>